

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСЫ – СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Аннотация

Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас жағдайы қарастырылады, себебі қарым-қатынас сөз қызметін дамуының тәсіл болып табылады. Мектеп жасына дейінгі пайда болатын және кейіннен біртіндеп өзгеріп отыратын балалардың ересектермен қарым-қатынастарының кейбір формалары көрсетілген. Сондай-ақ түрлі ойындар ойнаған кездегі кездегі қарым-қатынастарына сипаттама берілген.

Кілт сөздер: қарым-қатынас, сөйлеу тілі, ойын, мектепке дейінгі жас, сөйлеу іс-әрекеті.

Ключевые слова: взаимоотношения, общение, разговорный язык, игры, дошкольный возраст, развитие речевой деятельности.

Keywords: mutual relations, communication, spoken language, games, preschool age, development of speech activity.

Тіл дамытуды қалыптастыруда қарым-қатынас маңызды құрал болып табылады. Қарым- қатынас - екі (және одан да көп) адамның бір мәмлеге келуге, келісімге бағытталған, ортақ нәтижеге жетуді мақсат етіп келісілген әрекет [1].

Сөйлеу, қатынас құралы ретінде, белгілі бір кезеңде пайда болады. Сөйлеу іс-әрекетін қалыптастыруда баланың айналасындағы адамдармен өзара қатынасы тілдік және материалдық көмек арқылы жүзеге асатын күрделі процесс болып табылады. Баланың сөйлеу мәдениеті әлеуметтік ортаға байланысты қалыптасады. Оның пайда болуы және қалыптасуы баланың қатынас қажеттілігінен туындайды. Қатынастағы қайшылықтар баланың тілді білу қабілетін ұштауға, сөйлеудің жаңа формаларын білуге жетелейді. Жас ерекшеліктерін, баланың қабілетін ескере отырып, баланың ересектермен бірлесуі арқасында жақсы нәтижеге жетеді.

Баланың бойында айналасынан ересектерді таңдау, «бірлестікке» шақыру талпынысы ерте басталады. Неміс психологы баланың сөйлеуін зерттеуші В.Штерн өткен ғасырда былай деп жазған болатын: « Бала бірінші сөзін айтқанда, сол сөздің мағынасын түсініп, хабарлап айтуға талпыныстан бастап баланың сөйлей бастауы болып

табылады. Бірақ бұл сәт алдын-ала тарихы бар бірінші күннен басталады». Бала адамның дауысын басқа дыбыстан ерте айыра бастайды.

Балалар тәртібінің қорытындысы олардың ересектердің талабы бойынша сөйлей бастайтынын көрсетті.

Мектепке дейінгі кезеңде балалардың ересектермен қарым-қатынастарының бірнеше формалары болады: жағдайлық тұлғалық (эмоционалдық), жағдайдық іскерлік (қызметтік), жағдайдан тыс танымдық және жағдайдан тыс тұлғалық (М.И.Лисина) .

М.И.Лисинаның басшылығымен жүргізілген зерттеулер балалардың тіл дамуы мен деңгейі мен мазмұнын қарым-қатынастың ерекшелігі анықтайтыны көрсетті. Балалар тіл дамуының ерекшелігі олардың қарым-қатынас формасымен байланысты. Күрделі формаларға көшу төмендегі жағдайларға байланысты:

А) жағдайдан тыс пікірлердің үлесінің көбеюі;

Б) жалпы сөз байлығының өсуі;

В) әлеуметтік үлесінің көбеюі.

А.Э.Рейнштейн зерттеулерінде жағдайлық, іскерлік барлық коммуникативтік актілердің 16,4% сөздік емес құралдар көмегімен, ал жағдайлық емес танымдық қарым-қатынаста - 3,8% жүзеге асырылады. Жағдайдан тыс қарым-қатынас формаларына көшумен сөздік қоры, оның грамматикалық құрылымы байып сөздің нақты жағдайға байланысы азаяды. Әр түрлі жастағы балалардың, бірақ қарым-қатынастың бір деңгейіндегі балалардың сөз қоры грамматикалық рәсімделуі, қиындығы және сөйлем құрамы бойынша бірдей. Бұл сөз қорын дамытумен коммуникативтік қызметтің дамуының арасындағы байланысты көрсетеді. Мынадай қорытынды жасауға болады: тілді дамыту үшін балаға түрлі тілдік материал берумен бірге оның алдында қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін талап ететін міндеттер қою қажет. Айналасындағылармен қарым-қатынас балалардың қарым-қатынасқа қажеттілік мазмұнын байыту керек [2].

Мектепке дейінгі жаста баланың сөз қорын дамытуда ойынның орны ерекше. Ол тілдік функциялар оның мазмұны мен қарым-қатынас тәсілін анықтайды. Тіл байлығын дамыту үшін ойындық қызметтің барлық түрлері қолданылады. Шығармашылық рольдік ойындарда сөз формалары мен функциялары сараланады. Диалогтық сөз қоры жетіледі. Монологтық сөз қорына қажеттілік пайда болады. Қарым-қатынасқа қажеттілік тілді жылдам игеруге және сөз қорын байланыстыруға әкеледі [3].

Қимыл ойындары сөз қорының кеңеюіне, дыбыстық мәдениетті тәрбиелеуге ықпал етеді. Сахналық ойындар шығармашылық сөзге қызығушылығын арттырып, сөйлеу мәнерін жетілдіреді. Дидактикалық үстел ойындары тіл дамытудың барлық мақсаттарына жету үшін қолданылады. Олар қажетті сөзді жылдам табуға, сөзді өзгертуге және құруға көмектеседі. Балалардың сөз қорының дамуына, соның ішінде 4-5 жастағы құрдастарымен қарым-қатынас ықпал етеді. Құрдастарымен қарым-қатынас кезінде тілдік машықтарын ерекше белсенді түрде қолданады. Балалармен іскерлік қарым-қатынас кезінде пайда болатын алуан түрлі коммуникативтік мақсаттар әр түрлі тілдік құралдарды қолдануға қажеттілік туғызады. Тіл дамытудың ең бір нақты тәсілі мәдени

тілдік орта. Ересектерге еліктеу туған тілді игерудің бір механизмі болып табылады. Балада ішкі сөйлеу механизмі ересектердің жүйелі түрде ұйымдастыруымен жүреді [4].

Қорыта келгенде, сөйлеу тілін дамытудың негізгі құралдардың бірі қарым- қатынас болып табылады. Қарым- қатынас қозғалыс ойындары, дидактикалық, сахналық ойындары барысында, ересектермен қарым- қатынасы барысында дамиды.

ӘДЕБИЕТ

1 Баранов М. Т., Ипполитова Н. А., Ладыженская Т. А., Львов М. Р. Методика преподавания русского языка в школе: Учеб. для студентов вузов, обучающихся по пед. спец / Под ред. М. Т. Баранова. — М.: Academia, 2000. С. 361

2 Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. М.: Педагогика, 1986.

3 Общение и речь, развитие речи у детей в общении со взрослым/Под ред. М.И.Лисиной-М.,1985

4 Жинкин Н.И. К вопросу о развитии речи у детей // Советская педагогика, 1954 - № 6

REFERENCES

1 Baranov M. T., Ippolitova N. A. Ladyzhanskaya T.A., Lvov M.R. The strategy of Russian language teaching at schools: Textbook for students of a High school, being studied at teacher's specialty / Edited by Baranova M.T: Academia, 2000. С. 361

2 Lissina M.I The problems of ontogenesis communication M.: Pedagogika , 1986.

3 Communication and speech, the development of speech in children's communication with adult/ Edited by Lissina M/I.-M.,1985

4 Zhynkin N.I. As for the matter of children's speech development // Sovetskaya pedagogika, 1954 - № 6

Резюме

Взаимоотношения детей дошкольного возраста и средства развития речевой деятельности

Г.К. Кусаметова, В.М. Имжарова

Рассматриваются условия для общения дошкольников, так как общение является средством развития речевой деятельности. Представлены несколько форм общения детей со

взрослыми, которые возникают и сменяются последовательно в дошкольном детстве, также дается характеристика видам игровой деятельности.

Summary

Mutual relations of children of preschool age and means of development of speech activity

Kusametova G.K., Imzharova V.M.

This article considers the conditions for communication of pre-school aged children, thus, the communication is the key for the development of speech. Some forms of children's communication with adults, which arise and are replaced consistently in the preschool childhood are presented herein. All types of game activity were considered as well.

Поступила 17.01.2013 г.